



Аршалы Айнасы



№28 (455)
3 ШІЛДЕ,
2015 ЖЫЛ, ЖҰМА

АРШАЛЫ АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ
2007 жылдың қаңтар айынан бастап шығады

ҚАЗАҚСТАН - ОТАНЫМ, АСТАНАМ - БАС ҚАЛАМ!

ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Құрметті аршалылықтар! Баршаңызды Астана күнімен шын жүректен құттықтаймын. Қазақстан Республикасы егемендігін алып, жас мемлекет болып даму жолында талай қиындықтар мен келеңсіздіктерді артқа тастады. Қазіргі таңда саралап отырып, осы жетістікке қалай жеттік деп ойланамыз. Бұл жерде Президентіміз Н. Ә. Назарбаевтың алыстан болжамдайтын, қырағы көрегендігі мен салиқалы саясатының көп жылдардағы жемісі екендігін баршамыз білеміз. Жас мемлекет әлемдік кеңістікте мемлекет екендігін айқындай түсуімен қатар талай елге үлгі боларлықтай жұмыстар атқарып та үлгерді. Астана қаламыз әлемге әйгілі болды. Қазақстан мемлекетінің беделі биіктеп, өзіндік деңгейі қалыптасты. Ендеше, мерейімізді асырып, абыройымызды т а с ы т а т ы н ж а с Астанамыздың туған күні құтты болсын! Төрткүл әлемге Қазақстанды паш еткізген жеңістеріміз мол болсын! Әрбір қазақстанның бойында отанға деген сүйіспеншілік, ертеңгі күнді гүлдендіруге үлес қосамын деген құлшыныс болсын!

Ж.НҰРКЕНОВ,
Аудан әкімі.

МЕНІҢ ТУҒАН КҮНІМ!



Мен Ақмола облысы Аршалы ауданы Астана көшесінде тұрамын. Алтыншы сыныпты аяқтадым. Барлығы да «А» әрпінен бастау алады. Ал менің туған күнім 6 – шы шілде – Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың туған күнімен бір күнге дөп келген. Мен биыл, қасиеті Рамазан айында 13 мүшел жасқа толамын. Ең бастысы бұл күн – Астана күні. Мен сүйікті отаным – Қазақстанды жақсы көремін. Аршалы кентіндегі Балалар шығармашылығы орталығында жүргізілетін үйірмелерге қатысамын. Түрлі-түсті бояумен сурет салуды ұнатамын. Қазақстан жерінде барлық балалардың балалық бал дәурені түрлі-түсті бояумен көмкерілген, қуанышқа толы болсын деймін.

С. ЛЕБЕДЕВА, Аршалы кенті.

Бір хадисте: «Екі көз ақыретте тозаққа күймейді: біріншісі күнасына өкініш білдіріп, оңашада егіліп жылаған көз, екіншісі Отанды қорғап шекара күзеткен көз» делінген. Демек, «өлсек шейіт, қалсақ газимыз» деген асқақ мұратпен «А, Құдайлап!» жасауға шапқан жүрегі түкті батыр-баһадүрлеріміз ақ білектің күші, ақ найзаның ұшымен дұшпан жолатпаған кең байтақ жерге бабалар аманаты деп қарай білген жөн. Өйткені күе ұясын, адам отанын қорғайды.



Отанын сүю үшін адам өз ана тілін, тарихы мен мәдениетін жақсы білуі тиіс. Өз тілінің, ұлттық мәдениетінің кәдірін білмеген адам бірте – бірте өзге де құндылықтарынан ажырайтыны анық. Тіл – адамның ішкі жан дүниесінің, рухани әлемінің көрінісі. Әр халықтың ойлау жүйесі тілінен көрінеді. Олай болса тілді таза сақтау халықты, ұлтты сақтаудың бір жолы. Біз бақытты ұрпақпыз. Ата-бабаларымыздың аманаттап кеткен ұлан байтақ жерінде заманға сай бейбіт өмір кешіп жатырмыз. Әлемге қазақ деген ел бар екендігі Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың салиқалы саясатының арқасында танылды. Танылып қана қоймай жаңадан бас көтерген Астанамыздың заманауи жаңа тұрғыда көз тарта қанат жайып келе жатқандығы мәртебеімізді асқақтатуда. Ал

біздер, қазіргі таңда қолымызға найза емес қалам мен кітап алып, заманауи техниканың ортасында уайымсыз күн кешудеміз, сондықтан да жеріміздегі барлық ұлт өкілдеріне деген, ең бастысы бауырымызға деген сүйіспеншілікті сақтау жолында адамгершілік пен жауапкершілікті ұмытпайық. Астана бас қала, Астана жас қала, Астана отанымының жүрегі, еліміздің тірегі.

Туған жерге деген сүйіспеншілік елді көркейтуде, білім іздеген жастардың талабына қолдау білдіруді де ұқтырады. Біз елімізді гүлдендіретін, өзімізді білім нәрімен жетілдіретін бақытты толқынбыз. Төрткүл әлемге аты шыққан Қазақстан мемлекетінің азаматы мен азаматшалары екендігімізді мақтан тұтып, сол атқа лайық іс атқару баршамыздың парызымыз.



Осы орайда «Халықты сүйем деп байбалам салмай, оған тек жан жүрегімен зашық бола білу керек» деген Мұқағали ақынның мына бір жыр шумақтарын ұсынайын:

Онай сөз гой Отанды сүйем деген,
Не тындырдың «басымды иемменен»?
Онай сөз гой, құрбым – ау, онай сөз гой
Отан үшін күйемін, өлем деген.
Өлім деген ерліктің көрегі ме?
Өлмей – ақ қой, өлімнің көрегі не?
... егер Отан сыңсыған орман болса,
Жапырақ боп жармасқын терегіне.
Самалы бол Отанның салқындаған,
Сандуғаш боп, сайратсын алтын далаң.
Семсері бол, Отанның қынабында
Сертке ұстаса селт етпей жалтылдаған.
Шетсіз, шексіз, қиырсыз, ұлы дала,
Шуақ болып шашылмай жылына ма?
Сүй Отанды! Шыныңмен сүйіп өт те,
Гүл боп қалал ойына, қырына да.
«Жүз толғанып, күніне мың ойласам»,
Ақ басты алып анаммен шырайласам.
Қалай оны сүйем деп айта аламын,
Бірге күліп, қуанып, мұнаймасам?!
... Онай сөз гой Отанды сүйем деген
Іс тынбайды «жанамын, күйемменен...»
Өгей әке емес қой Отан деген,
Отанды мен Атамдай иемденем!



М. АХМЕТҚЫЗЫ.

Аудандық әкімдіктің мәжіліс залында салтанатты түрде мемлекеттік қызметкерлер күні аталынды. Оған Аршалы кентінің әкімі және ауылдық, селолық округ әкімдері, дербес бөлім басшылары, сонымен қатар мемлекеттік кіріс басқармасының өкілдері, әділет басқармасының және басқа да мемлекеттік орган өкілдері шақырылды.

Мемлекеттік қызмет, абыройлы міндет

Залда жиналғандардың барлығын аудан әкімінің орынбасары Ә.Т.Ыбраев бұл ерекше мерекемен құттықтады. Мемлекеттік қызметкер қашан да өзінің лауазымдық жұмысында құрметпен, адал, ел сеніміне қарай жұмыс жасап, Қазақстан Республикасының мүддесін қорғаушы екендігін нықтады.

Осы мемлекеттік қызметте біліктілігі мен тиімді жұмыс жасағаны еленіп, бірқатар мемлекеттік қызметкерлер мен осы сала ардагерлері аудан әкімінің атынан алғыс хатпен бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Мемлекеттік қызметкерлердің мерекесімен «Нұр Отан» партиясының Аршалы ауданындағы филиалының төрағасының орынба-

сары Р.Ш.Федорова шын жүректен құттықтады.

Сонымен қатар Көкшетау қаласындағы салтанатты шарада Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Е.А. Андрух «Үздік мемлекеттік қызметші» төс белгісімен марапатталғаны айтылды.

Облыс әкімінің Құрмет грамотасы Михайлов селолық округінің әкімі С.Е. Байбашкаровка табыстылды. Салтанатты шараны әкімнің орынбасары А.Е.Мысырәлімова қорытып, мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек етіп, ел игілігі жолында биіктерге шыға берулеріне тілек білдірді. Қан аудан әкімінің орынбасары

Жақсы жаңалық

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Көкшетау қаласында Ш.Құсанов атындағы қазақ музыкалық – драмалық театрында Ақмола облысының әкімі С.Кулагиннің қатысуымен кәсіби мереке қарсаңында мемлекеттік қызметкерлерді марапаттау салтанаты шарасы өткізілді. Ақмола облысы бойынша бес үздік мемлекеттік қызметкерлер қатарында біздің жерлесіміз – Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшысы Елена Анатольевна Андрух «Үздік мемлекеттік қызметші» төс белгісімен марапатталды.

Құтты болсын айтамыз! Е.А.Андрух ауданымыздың мемлекеттік органында 1989 жылдан бастап қызмет жасап келеді. 1996 жылдан Аршалы ауданының экономика және қаржы бөлімінің басшылық қызметінде үзіліссіз еңбек етуде.



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ АЛҒЫС ХАТЫ

Әрбір мамандықтың өзіндік жауапкершілігі мен арқалар жүгі бар. Журналист мамандығының ерекшелігі маңызды оқиға, тартымды мақала жазуда қырағы көз, жүйелі сөз тізбесімен қатар салқынқандылық, сараптамалық, салиқалы ой желісі мен оқырманның ойынан шығарлықтай шеберлікті қажет ететіндігі. Ерекше сала. Темірді қызғанында соқ демекші, ақпараттың да ағымы бұра ақпай, буырқанып, бұза ағып жатса ғана дерегіміз дәлелді, айтарымыз мазмұнды болатындығы анық. Ал өміріміз келісті, еңбегіміз жемісті болуы үшін де өз ісіне деген сүйіспеншілігі мен жігері мықты мамандардың саны арта бергені нұр үстіне нұр болуда.

Көкшетау қаласында байланыс және ақпарат қызметкерлері күні кәсіби мерекесіне арналған шарада Ақмола облысының әкімі С.В.Кулагин Аршалы ауданының «Вперед» аудандық газетінің редакторы Александр Дмитриевич Цыгановқа Алғыс хат табыстады. Бұл алғыс хатта Александр Дмитриевичтің осы баспасөз саласындағы үздіксіз еңбек етіп, жылдар бойы бұқаралық ақпарат құралдарында тұшымды мақалаларды жариялап, облыстық әлеуметтік – экономикалық бағдарламаларының ақпараттық желідегі жүзеге асырудағы кәсіби шеберлігі бағаланып, өз ісіне берілген шынайы сүйіспеншілігі еленіп, алдағы уақытта да биіктерден көріне беруіне тілек айтылды.

Редакция ұжымы Александр Дмитриевичті құттықтайды!



Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт вице-министрі Марат Алмасұлы Әзілхановпен сұхбат

«РУХАНИ КЕЛІСІМГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУ – ӘЛЕМДІК ЖӘНЕ ДӘСТҮРЛІ ДІНДЕРДІҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ»

Армысыз, Марат Алмасұлы! Әңгімемізді өзекті жаңалықтардан бастасaq. Алдымызда дін өкілдерінің дүбірлі жиыны – Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезі жақында келеді. Осы айтулы шараға бүгінгі күн биігінен қандай баға берер едіңіз?

- «Бүгінгі күн биігінен» деген тенеуді өте орынды қолдандыңыз. Шынында да Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының тұрақты түрде өткізіліп келе жатқан съездері толымды тәжірибе жинақтап, тағылымды тарих қалыптастырып, биіктен көз салатын дәрежеге жетіп үлгерді десек, артық айтқанымыз емес.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың әлемдік қауымдастық назарына ұсынылған осы тың бастамасы әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары мен саяси жетекшілер тарапынан қызу қолдау тапқаны баршаға аян. Оның айқын дәлелі – Астана төрінде табысты түрде өтіп, Қазақстанның әлем алдындағы абыройын асқақатқан төрт бірдей съезд отырысы.

Бұл шараның басты мақсаты – әлемдік және дәстүрлі діндердің жасампаз әлеуетін жаһандық бейбітшілік пен келісімді нығайтуға бағыттау, діндер мен мәдениеттер арасындағы сұхбатты баянды ету, діни қауымдар арасындағы өзара түсінік пен құрметті тереңдету, діни экстремизм идеологиясына қарсы тұра алатын толеранттылық пен өзара құрмет мәдениетін қалыптастыру болып табылады. Осынау жалпыадамзаттық маңызы зор ізгі мүддені жүзеге асыру әлемдегі діндер, мәдениеттер және өркениеттер арасындағы сұхбатты өрістетуді мақсат ететін барлық халықаралық ұйымдар мен құрылымдардың терең ынтымақтасуына ықпал етуге бағдарланды.

Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің ғаламдық деңгейдегі дінаралық сұхбат пен келісімнің сақталуына ерекше үлес қосып отырғанын басқосуларға қатысқан діндер көшбасшылары бірауыздан атап көрсетті. Сол парасатты пікірлердің тобықтай түйіні ретінде IV съезге қатысқан бірқатар діни қайраткерлердің лебіздерінің бірін келтіре кеткім келеді: «Дүниежүзіндегі ұлттар Біріккен Ұлттар Ұйымын құрды, ал Нұрсұлтан Назарбаев барлық діндердің Біріккен Ұлттар Ұйымын құрды. Бұл бастаманың арқасында осы жерде көзқарастары әр алуан түрлі діннің өкілдері бас қосып, бір-бірімен ашық та шынайы әңгіме құрып, бірін-бірі тындап отыр. Бұл – бүкіл әлемде жасалып отырған ұлы құбылыс. Мұндай ауқымда әлі ешбір іс жасалған емес».

Өз тарапымынан Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездерін тәуелсіз Қазақстанның еңсесі биік елі мен елін сүйген Елбасының рухани біртұтастығының бірегей көрінісі ретінде бағалай едім. Өйткені бұл бастама мемлекет құраушы қазақ халқының қанына біткен мәмілегер мінезі мен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың салиқалы, сарабал саясатының үндестік пен үйлесім тауып, туған топырағымызда діні мен ділі әр алуан жүзден астам ұлт өкілдерін ынтымаққа ұйыстырған тағылымды тәжірибесінің әлемдік деңгейде жалғасын табуының айғағы болып табылады.

- Толғамды тұжырымыңыз үшін алғысымды білдіре отырып, сіздің ойларыңыздан туындаған келесі сауалға көшейін. Бейбітшілік пен келісім – әлем халықтарының күн тәртібінен түсіп көрмеген мәселе. Дінаралық келісім алаңында да бүгінге дейін қандай да бір әлемдік тәжірибе жинақталды деп айта аламыз ба?

- Әрине, бастамасы жоқ бейкам дәуірді адамзат тарихы әзірге білмейді. Бірақ әрбір іс ақырғы нәтижесімен қайырлы

болғандықтан сәтсіз тәжірибелердің санатқа алына бермейтіні де бар.

Соңғы үш ғасырды қамтыған шартты түрде «жаңа тарих» деп аталатын кезеңде әлемдік аренада дінаралық сұхбат пен келісімге шақыруды ниет еткен басқосуларды ұйымдастыруда біршама қадамдар жасалды. Атап айтар болсақ, 1893 жылы Чикаго қаласында дін өкілдерінің қатысуымен Діндердің бүкіләлемдік конгресі өтті. Конгресте бейбітшілікті қамтамасыз ету үшін дінаралық үнқатысудың қажеттілігіне қоғам назарын аударудың маңызы сөз етілді. Діндердің әлемдік парламенті құрылып, Біріккен діндер ұйымын құру мәселесі күн тәртібіне енгізілді. Алайда конгреске қатысушылардың ортақ келісімге келе алмауы салдарынан екінші отырысты 100 жылдан кейін ұйымдастыру туралы шешім қабылданды.

Келесі бір қадам ретінде XX ғасырдың екінші жартысында Ватиканда құрылған «Ислам-Христиан үнқатысуының хатшылығы» ұйымын атауға болады. Екі алып дінді бір-біріне жақындастырып, халықаралық іс-шаралар жүргізуді мақсат еткен ұйым уақыт өте келе Азия, Еуропа, Америка, Австралияда өз орталықтарын ашқан болатын. Дегенмен бұл қозғалыс түрлі қайшылықты көзқарастар салдарынан өз мақсатын толық жүзеге асыра алмады.

Дінаралық келіссөздерге әл ашу-ды көздеген келесі шаралар 1986 және 2002 жылдары Италияның Ассизи қаласында өткізілді. Бұл кездесу әлем діндері мен конфессиялары өкілдерінің қарапайым отырысы түрінде ғана жүзеге асып, айтарлықтай ауқымды деңгейге көтеріле алған жоқ.

Осының барлығы діндер сұхбатының әлемдік деңгейдегі бастамасын жүзеге асыру үшін тек ізгі ниет қана емес, тиянақты тірек болатын тарихи тәжірибе, көгеріп-көктейтін құнарлы топырақ керек екенін дәлелдейді. Мұндай тарихи тәжірибе сан ғасыр бойы сайын даланы мекен етіп, тоғыз жолдың торабын жайлаған, діндес немес діні жат, қазақ немесе қаймана деп бөлмей, өткен-кеткен жолаушыға есігі ашық, дастарханы жаюлы, құлағы түрік болған, жақсы мен жаманды сарапқа сала отырып, жақын мен жаттың арасын айырмаған мәмілегер мінезді қазақ жұртына тән еді.

Сондықтан әлем халықтары арман еткен дінаралық келісімнің ерен мақсаты шынайы түрде Қазақ жерінде жүзеге асырылды. Оның алғашқы алкалы жиыны ретінде 1992 жылдың 18 қазанында Алматы қаласында бірнеше конфессиялар өкілдерінің қатысуымен өткен «Рухани келісімнің І бүкіләлемдік конгресін» айтуға болады. Осы кездесуден кейін 18 қазан – Қазақстан Республикасының Рухани келісім күні ретінде белгіленіп, жыл сайын аталып өтуде.

Содан кейінгі іргелі қадам – әңгіме арқауы болып отырған, елімізде 2003 жылдан бастау алған Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі болды.

- Сөз арасын суытпай тұрып, тарихқа тағы бір қадам ілгерілесек. Мемлекет пен діннің ара-жігі ажырамаған кезеңдер де дінаралық келісім тәжірибесіне кенде бол-маса керек. Осы орайда мемлекет құраушы қазақ ұлтының және еліміздегі көптеген ұлттардың ата діні – исламның тағылымына назар аударсақ. Өзіңіз айтып өткен мәмілегер мінездің қалыптасуына исламның да әсері аз болмаған шығар?

- Сөз жоқ, дінді құндылық ретінде қабылдаған халқымыз исламның рухы мен мінезін де бойына сіңіре білді. Ал діннің рухы мен мінезі шариғи қағидаттардан бастау алатыны белгілі. Ол қағидаттар қандай еді?

Мұсылман қауымының бұл орайда негізге алатыны – «Дінде

зорлық жоқ» деген Құран аяты, осы аяттың қарапайым әрі айқын түсіндірмесі іспетті: «Мен сіздердің табынатындарыңызға табынбаймын, сіздер де менің табынатыныма табынбайсыздар. Сіздердің діндеріңіз өздеріңізге, менің дінім өзіме» деген Құран сөздері. Барша адамзаттың бір-бірімен бауыр, туыс екендігін айғақтайтын, адамдарды бір-бірімен аралас-құралас, таныс-біліс болуға шақыратын: «Әй, адамдар! Біз сендерді бір ер мен әйелден жараттық. Бір-бірімен таныссын деп сендерді өзара ұлттар мен ұлыстарға бөлдік» деген аяттардың да дінаралық және ұлтаралық татулыққа септескені айқын.

Құранда «Кітап иелері» деп аталған иудей және христиан діні өкілдерімен бейбіт қатар өмір сүрудің исламда орнықты дәстүрлері қалыптасқан. Мұхаммед пайғамбар мұсылмандарға: «Сендерге кітап иелерін, яғни христиандар мен еврейлерді аманат етемін», – деп өсиет қалдырған. Екінші бір хадисте: «Кімде-кім Кітап иелерін жәбірлесе, ақыретте мен оның дұшпанымын», – деп қатаң ескерткен.

Осы орайда Мұхаммед пайғамбардың кезінде орын алған мына бір оқиғаны да еске алған жөн. Исламды қабылдаған мұсылмандар 622 жылы Меккеден Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін өзге дін өкілдерімен Мәдина келісіміне қол қойған болатын. VII ғасырда жасалған бұл құжат исламдағы бейбітшілік пен төзімділікті, исламның адам құқығына деген құрметі мен сұхбат мәдениетін, өзге дін өкілдеріне көзқарасын, сондай-ақ сенім бостандығы мен ар-ождан еркіндігін қамтамасыз еткен қағидаттарды қамтыған.

Мұхаммед пайғамбар өзге дін өкілдерінің ғибадат ғимараттарын қиратпауды, діндарларды өлтірмеуді, оларға қол жұмсамауды, алым-салық алмауды, мал-мүлкіне қол сұқпауды, өзге діндегілердің құдайларына тіл тигізбеуді өсиет еткен. Мұхаммед пайғамбардың тәлімін алған ізбасарлары да мұсылмандардың қол астына кірген елдерде осы ұстаныммен билік жүргізді.

Ислам тарихының кей деректеріне көз жүгіртсек, дінаралық келісімнің үздік үлгілеріне куә боламыз. Христиан діні өкілдері көбірек шоғырланған Палестина аймағын билеген халифа Омар 637 жылы арнайы келісімшарт жасап, өзге дін өкілдеріне қауіпсіздік қағазын берген. Бұл құжатта: «Христиандардың жандарына, малдарына, шіркеулеріне, крестеріне, дені саулары мен сырқаттарына және қалған ұлтына амандық берілді. Шіркеулерін ешкім тұрғын үй есебінде қолданбайды, оларды ешкім бұзбайды, олардың ішкі және сыртқы қор мүліктерінен ешнәрсе кемітілмейді, олардың малдарына ешкім қол сұқпайды. Мұндағылардың дініне зорлық жасалмайды, ешкімге дін негізінде зорлық көрсетілмейді» делінген. Халифа Омар келесі әрі жұмыс істеуге қабілетсіз өзге дін өкілдері үшін мемлекеттік қазынадан арнайы қаржы бөліп, жалақы төлеп тұрған.

XIII ғасырда Сирия маңында моңғол әскерімен бітім жасасуға келген мұсылман елшісі тек мұсылмандардың ғана емес, олармен отандас өзге дін өкілдерінің де тұтқыннан толық босатылуын талап еткен. Орта ғасырда Андалусида орын алған келеңсіздіктер тұсында жергілікті иудейлер Османлы мемлекетіндегі мұсылмандарды паналаған.

Осының барлығы дінаралық келісім қағидаттарының жасампаз рухани әлеуетке ие ислам дінінде ертеден берік орныққанын және тарихи миссиясын абыроймен атқарғанын айғақтайды.

- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне қайта оралайық. Отандық оқырманның ақпараттық жадын тағы бір жаңғыртып алу үшін Съездердің ұйымдастырылу кезеңдеріне шолу жасап өтенізі...

- Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының әрбір отырысы өзіндік ерекшеліктерімен есте қалды.

I съезд Астана қаласында 2003 жылдың 23-24 қыркүйегінде

өтті. Алғашқы басқосуға Еуропа, Азия және Африканың 17 елінен келген белгілі дін жетекшілері, қайраткерлер мен құрметті қонақтар қатысты. Қатысушылар дінаралық келісімнің идеялық орталығы іспетті осынау съезді тұрақты түрде өткізіп тұру жөнінде ұйғарымға келіп, оның жұмыс органы – Съезд Хатшылығын құру туралы шешім қабылдады.

2006 жылғы 12-13 қыркүйекте Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің II съезі «Дін, қоғам және халықаралық қауіпсіздік» деген тақырыпта өткізіліп, оған Еуропа, Азия, Африка және Американың 20 елінен келген 43 делегация қатысты. Бұл форумда «Дінаралық сұхбат қағидаттары» атты маңызды құжат қабылданып, Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығын ашу туралы бастама көтерілді.

Ал 2009 жылғы 1-2 шілдеде өткен III съезд «Толеранттылық, өзара құрмет және ынтымақтастыққа негізделген әлемді қалыптастырудағы діни лидерлердің рөлі» атты тақырып аясында өтті. Елбасы бастама-сымен ашылған Мәдениеттер мен діндердің халықаралық орталығының белсене атсалысуымен өткен Съезд жұмысына әлемнің барлық басты діндеріне қатысы бар 77 елден келген делегация мүшелері атсалысты. Бұл басқосуда Елбасы Н.Назарбаев Діни лидерлер кеңесін құруды ұсынды.

IV съезд 2012 жылғы 30-31 мамырда «Бейбітшілік пен келісім – адамзат таңдауы» тақырыбымен өткізілді. Бұл жолғы басқосуға 40 елден келген барлық әлемдік және дәстүрлі діндерге, сондай-ақ беделді діни және халықаралық ұйымдарға қатысы бар 87 делегация қатысты. IV Съезд аясында оның институттарының қалыптасуы жалғасты. Үйлестіруші орган ретінде Діни лидерлер кеңесі құрылып, оның құрамына дәстүрлі діндердің жетекшілері мен көрнекті өкілдері енді. Діни лидерлер кеңесінің мүшелері елордадағы «Мәңгілік ел» даңқ қақпасының маңында «Рухани жарасым» аллеясын ашты. Съездің пленарлық отырысында Елбасы Н.Ә.Назарбаев жаһандық толеранттылық пен өзара сенімді қалыптастыру мен нығайтуға арналған «G-Global» порталының құрамдас бөлігі болатын ғаламтор ресурсын құруды ұсынды.

Әрбір съезд отырысы ұйымдастырылған сайын әлемнің әр түкпірінен басқосуға ынта білдірген қатысушылар санының артып келе жатқандығы аталмыш шараның әлемдегі бейбітшілік пен ынтымақтастықтың нығаяуында елеулі маңызға және сұранысқа ие екендігін көрсетіп отыр.

Ал Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің кезекті V съезі 2015 жылғы 10-11 маусымда Астана қаласында өтпек. Съезд хатшылығының XIII отырысының қорытындылары бойынша бесінші басқосудың басты тақырыбы «Бейбітшілік және даму жолындағы діни және саяси қайраткерлердің үнқатысуы» болып белгіленді.

- Өңгімеңізден аңғарып отырғанымыздай, Съезд басқосулары өзара тығыз байланыста ұйымдастырылып, бірінде көтерілген бастама екіншісінде жүзеге асып келеді екен. Кезекті отырыстың тақырыбын айқындауға қандай мәселелер негіз болды?

- 2012 жылы өткен кезекті Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің IV съезінен кейін әлем сахнасында бірқатар оқиғалар тізбегі орын алды. Сирия жерінде билік пен оппозициялық топтар арасындағы қақтығыстардың өрши түсуі, Нигерияда содырлар тарапынан әйел адамдар мен балалардың қолды болу фактілерінің жиі тіркелуі, Таяу Шығыс және Үндістан аймақтарында әртүрлі діндер өкілдері арасында қақтығыстардың орын ала бастауы, дін атын жамылған радикалды идеологияның жағымсыз ықпалы салдарынан Батыс елдерінде жиі көрініс берген исламофобиялық әрекеттер легі жаһандық деңгейде діни ахуалдың ширыға түскенін аңғартуда.

Сирия және Ирак жеріндегі экстремистік және террористік топтардың әрекетіне жат идеологияға арбалған Орта Азия,

Үндістан, Пәкістан, Қытай, Ресей, Батыс Еуропа және АҚШ азаматтарына дейін қатыса бастауы әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр. Әлемдік саяси және геосаяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелермен қатар, өркениетаралық түсініспеушіліктердің арта түсуі бүгінгі таңда аса қауіпті құбылыстар қатарынан орын алууда.

Мұндай күрделі мәселелерді тек діндер және діни қатынастар ауқымында ғана қарастыруға болмайды. Оларды талқылап-талдап қана қоймай, нақты шешім жолдарын табу үшін әлемдік саяси жетекшілердің, мемлекеттік қайраткерлердің, қоғамдық ой-пікірге қозғау сала білетін көрнекті тұлғалардың басқосуға тартылуы өте маңызды.

Сондықтан үш жылда бір рет жүзеге асатын осы съезде діни және саяси қайраткерлердің ынтымақтастығы мен бейбітшілік және даму жолындағы үнқатысуын тереңдету, сол арқылы заманауи сын-тегеуріндерге тізе қоса төтеп беріп, қазіргі жаһандық үдерістер туындатқан өзекті мәселелерге бірлесе жауап іздеу мақсаты алға қойылып отыр.

- Соңғы сауал: Дін саласында орын алған кикілжіңдерге куә болған сайын жұртшылықтың санасына: «Дін – мәселе ме әлде оны шешудің тетігі ме?» деген сұрақ жиі оралуы мүмкін. Сіз не дер едіңіз?

- Дін – қоғамдық мәселелерді ширықтыру үшін емес, шешу үшін қалыптасқан институт. Оны өзінің болмысына қат мүддеге – күйретушілік мақсаттарға пайдалану дін атын жамылған лаңкес ұйымдар мен оларды қолдаушы күштердің адамзатқа қарсы қылмысы, қатерлі әрекеті болып табылады.

Әлемдік және дәстүрлі діндер өздерінің жасампаз құндылықтары арқылы тұтастай ұлттар мәдениетінің негізіне, өркениеттердің қозғаушы күшіне айналады. Ғылыми тұрғыдан пайымдасақ та дін – рухани мәдениет құбылысы, қоғамдық сана негіздерінің бірі ретінде адамзат қоғамымен ажырамастай тамырласқан.

Дін мен дін еместің ара-жігін ажыратып алуда мемлекет және дәстүрлі діндер өкілдері азаматтарға дұрыс жолды көрсете білуі қажет. Яғни ең алдымен қоғам өмірін реттеуші институт ретіндегі діннің шынайы болмысын тереңдей түсіне және түсіндіре білуіміз, діннің проблема емес, оны шешудің тетігі ретіндегі рөлін дұрыс пайымдап, орынды пайдалануға тиіспіз.

Осы арнадағы ойларды Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезінде сөйлеген сөзінде: «Барлық кезеңде мәртебелі моральдық құндылықтардың сақтаушылары діни лидерлер – түрлі діндердің басшылары болған және болып отыр. Сондықтан да осынау күрделі кезеңде дін қайраткерлеріне айрықша үміт артылады. Бүгінде қай кездегіге қарағанда діннің гуманистік императивтері қажет болып отыр. Нақ сіздер, діни лидерлер, руханилықтың – дүниенің үйлесімді дамуының басты шартының қайта өрлеуінің жүргізушілері бола аласыздар. Біз өз Съезіміздің мәртебелі мақсатын осыдан көреміз», – деп түйіндеген болатын.

Бүгінгі таңда адамзат баласына тартыспен емес, татулықпен, ымырасыздықпен емес, ынтымақпен күн кешуі үшін дінаралық сұхбаттастық пен діни төзімділіктің насихаты ауадай қажет. Ішкі және сыртқы рухани келісімге, жеке тұлғалық және қоғамдық үйлесімге, рухани кемелдікке қол жеткізу – әлемдік және дәстүрлі діндердің негізгі мақсаты. Сондықтан әлемдік қауымдастықта бейбітшілік пен дінаралық келісімнің салтанат құруына әлемдік және дәстүрлі діндердің шексіз әлеуеті кеңінен тартылуы тиіс. Бейбітсүйгіш мемлекеттер тарапынан жүргізіліп жатқан сан салалы жұмыстардың қарапайым да қастерлі мақсаты – осы.

- Тартымды сұхбатыңызға рахмет! Қызметіңізге толағай табыстар тілейміз!

**ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН
04. 06. 15**

Адам және қоғам

Экстремизм мен терроризмді насихаттайтын интернет-ресурстардың қауіптілігі

Бүгінгі таңда интернет-ресурстардың ақпарат таратудағы, ақпараттық ықпал жасаудағы мүмкіншілігі дәстүрлі БАҚ құралдары, газет, радио, тіпті телевидениеден кем емес.

Өкінішке орай осынау ғылым –мен техниканың жетістігін экстремизм мен терроризмді насихаттайтын түрлі ұйымдар өздерінің адамгершілікке жат қылмысты істеріне белсенді түрде пайдалануда. Әлемдік ғаламтор кеңістігі әртүрлі экстремистік топтар мен жеке-леген дін уағыздаушылар үшін оңай, қол жетімді, олардың қылмысты істеріне иделді жағдай тудыратын орта болып табылады. Радикалды бағыттағы дін уағызшылары Интернет-ресурстар арқылы өз идеяларын қолдайтын адамдар санын күннен-күнге арттырып отыруға тырысады. Бұл ретте әсіресе «таза» ислам жолында жүрміз дейтіндер өздерінің радикалды идеяларын кеңінен насихаттауда біраз мүмкіндік алып қалған болатын. Оған дәлел ретінде уәж келтіретін болсақ, ол қазіргі уақытта әлемнің әр түпкірінен, соның ішінен Қазақстаннан барған содырлардың Сирия мен Иракта «Ислам халифатын» құру жолында әсіресе исламшылар жағында соғыс қимылдарына қатынасып жатқанын айтуға болады. Бұл фактілер біздің қазақстандық қоғам үшін қазіргі кезеңде дәстүрлі емес сәләфи-исламды уағыздаушылар тарапынан едәуір қауіп төніп тұрғандығын көрсетеді.

Осындай радикалды бағыттағы Әсіресе исламшылар өз жақтастарынан фанатикалық деңгейде діни сенімге берілуді, өзге діндерге төзбестікпен қарауға, өз мақсаттарына жету үшін саяси практикада террор тағы да басқа күш қолданудан, зорлық-зомбылық жасаудан тайынбайтын адамдарды тәрбиелеуге тырысады. Ғаламторға «кірген» кез –келген адам жаңа таратылып жатқан әртүрлі діни ілімдер мен ағымдар туралы мол мәлімет ала алады. Ол сайттарда ислам әлемінде уағыздары зиянды деп танылған діни ұстаздар өздерінің адасқан ағымдарын таратуға бар күшін салады.

Мәселен бүгінгі күнде Әлемдік ғаламторда 40 тілде хабар тарататын барлық белгілі экстремистік топтар әрекет етіп келеді. Мысыр елінде Жерорта теңізі жағалауында 2015 жылдың ақпанында радикал-исламшылардың адамдарды жаппай қырғынға ұшыратқаны туралы бейнеролигі бар әлемді дүр сілкіндірді, діни фанатизмнің шынайы бет-бейнесін әшкере етті. Ол бейнероликті әсіресе исламшылар халық арасында үрей психологиясын тудыру үшін жасаған еді, нәтижесі керсінше болып шықты.

Сонымен бірге Интернет жүйесінде түрлі жарылғыш заттар мен қаруды жасаудың, терактілерді ұйымдастырудың нұсқаулықтарының орналастырылуы өте зиянды, әрі қауіпті ақпарат болып саналады. Атырау қаласында 2011 жылдың 31 қазанында облыс әкімдігі ғимараты мен прокуратура жанында жарылған екі бомба да осындай жолмен дайындалған бомбалар болған еді.

Интернет терроризмнің тағы бір қауіпті жағы ол маңызды мемлекеттік құрылымдарға тиісті компьютерлік бағдарламаларға шабуыл жасап, мемлекеттік құпияны бұзуы және сол арқылы тұтас қоғамға, мемлекетке зор қауіп төндіре алуында деуге болады. Интернет-сайттары арқылы кездесулер мен қарсылық акцияларын өткізу уақытын, қарсылық жасаудың формасы туралы, немесе діни мәселерді талқылауға арналған сұрақтарға дейін өзара келісіп алуға жағдай тудырып, ондай топтардың бірлесіп қимылдауына ықпал ете алатындығы дәлелденген.

БҰҰ осындай жайттардың алдын алу мақсатында 1998 жылдың желтоқсанында 53/70 3 резолюциясы қабылданып ол бойынша барлық БҰҰ-ға мүше елдер өзара ақпарат ауысуы міндеттелінді.

Өткен жылғы РФ-ның Антитеррористік комитетінің мәліметіне қарағанда 7 мыңға жуық сайттардың террористік және экстремистік бағыттағы екендігі оның ішінде 500-орыстіді сайттарға жататындығы анықталды.

Едәуір уақыт бойына діни-қоғамдық қатынастарда туындап жатқан жаңа проблемалар мәселесін реттеуде, оның ішінде Интернет-ресурстарда белен алған теріс ағымдарға сенімді тосқауыл қойылмай келген болса, 2011 жылғы бірнеше террорлық шабуылдардан соң, бұл мәселеге мемлекет тарапынан жіті көңіл бөлініп, ҚР –ның тиісті заңдарына өзгерістер енгізілді. Қазақстан Президенті қол қойған 2009 жылғы 9-шы шілдеде қабылданған заңға сәйкес барлық интернет-ресурстар (сайттар, чаттар, форумдар мен блогтар т. б.) басқа БАҚ-мен теңестірілді; олардың иелері басқа БАҚ құралдарының иесі сияқты жауапкершілікте деген норма енгізілген болатын. Діни терроризм мен экстремизмнің талдын алу мақсатында бірқатар заңнамалық актілерге толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп қылмыстық жауапкершілік өмір бойға бас еркінен айыруға дейін күшейтілді.

Сондай-ақ, терроризм мен экстремизммен мемлекет тарапынан күштеу, мәжбүрлеу әдістерінен басқа саяси-экономикалық, құқықтық,

әлеуметтік, тәрбиелік, насихат шараларына басымдықтар беру көзделген.

Мәселен, Қазақстан республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2013-2017 жылдарға арналған Мемлекеттік Бағдарламада мемлекеттік органдар алдына қойылатын негізгі бағыттардың бірі ретінде осы бағдарламаның 12-ші пунктінде діни экстремизм мен терроризм идеяларын насихаттайтын материалдарды, соның ішінде құқыққа қайшы контентті анықтау жөніндегі қазіргі заманғы бағдарламаларды енгізу арқылы, баспа және электрондық БАҚ, соның ішінде Интернет ресурстардың тұрақты мониторингін ұйымдастыру міндеттелген болатын. Сол уақыттан бастап Қазақстан Республикасында да Құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар Интернет ресурстарының мониторинг-сараптама-сүзгіден өткізіп келеді. Өткен 2014 ж. ішінде еліміз бойынша 756 сайттың қызметіне байланысты соттың 35 шешімі шығарылған. Оның ішінде 171 сайт діни экстремизм мен терроризмді насихаттағандығы үшін бұғатталды. Елімізде құқық қорғау органдарынан басқа осы мәселемен арнайы айналысатын мемлекеттік құрылым 2011 жылы әуелі Дін істері Агенттігі, кейіннен Қазақстан мәдениет және спорт министрлігі жанынан Дін істері Комитеті болып табылады. Өткен жылдың желтоқсанында Комитет Қазақстан аумағында әрекет жасаған 244 сайттың қызметін бұғаттау жөнінде ұсыныс түсірген. Бұл жұмыс Ақмола облысында да қолға алынып, жүйелі жұмыс жүргізілуде. Мәселен, Ақмола облысы діни істері басқармасы жанындағы «Конфессияаралық қатынастарды дамыту және талдау орталығы» КММ-мен 2014-жылы әлеуметтік желілерден 30 аса заңмен тыйым салынған парақшалар мен топтар анықталып, Дін істері комитетіне сараптамаға жіберілді.

Зиянды Интернет-ресурстарының ықпалын шектеу үшін тек қана күштік құрылымдардың іс-әректінің жеткіліксіз болатындығы белгілі, сондықтан да радикалды идеяларға тиімді тосқауыл қою, үшін және азаматтарымыздың діни –мәдени сауаттылығын арттыру мақсатында «E-Islam» -ақпараттық-танымдық порталы ашылған. Бұл ақпараттық-танымдық порталда танымал әлеуметтік желілерде дін саласындағы туындайтын мәселелерге қатысты түсіндіру, дінтанушылық білім беру жүйесі жасалынған. Мұнда ислам діні мен қазақтың дәстүрлі рухани құндылықтары туралы мәліметтер жинақталған. Осы құрылған интернет ресурстар әсіресе жастар арасында ғаламтор кеңістігінде тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар КМДБ-ның орталық және жергілікті жердегі интернет-ресурстары: tuhyuat.kz, muslim.kz азан, kз және басқалары дәстүрлі ислам руханиятына қызығушылар үшін шынайы ақпарат пен діни сауаттылықты арттыруда тиімді іс атқаруда деуге болады.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығы тәжірибесі көрсетіп отырғандай кез келген қоғам мемлекет үшін әскери, экономикалық қауіпсіздік пен қатар ақпараттық қауіпсіздіктің де орасан зор маңызға ие болғандығы және бұл ретте Интернет-ресурстар әсіресе жастар арасында басты ақпарат көзіне айналғаны дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Бүгінгі ғаламтор білім мен ғылым, пайдалы ақпарат пен қатар осындай негативті зиянды ақпараттың көзі де бола алатындығын еліміздің әр азаматы ескеруі қажет деп санаймыз.

«Ақмола облысы діни істері басқармасы жанындағы «Конфессияаралық қатынастарды дамыту және талдау орталығы» КММ



Ақмола облыстық «Қазақстан» РТРК» АҚ филиалының 2015 ж. 6-12 шілдеге дейінгі бағдарламасы «Қазақстан-Көкшетау»

6 шілде, Дүйсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Ақтуальная тема». Передача
10.35 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Елі сүйген – Елбасы!», Хабар
11.30 «Астана - город мечты», Передача
12.00 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
12.10 «Ақтуальная тема». Передача
12.40 «Елбасы - гордость страны!». Передача
13.10 «Телемаркет»
13.15 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.25 «Елбасы-2015». Тележурнал
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 «Астана – арман қала!». Передача
14.30 «Елі сүйген – Елбасы!». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық жұмыс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Елбасы». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Салауат». Хабар
19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Астана – арман қала!». Передача
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Елбасы». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Елбасы - гордость страны!». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 «Астана - город мечты». Передача
22.55 «Телемаркет»
23.00 Т/с «Старшая сестра». 15 серия
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Мама детектив» 3 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

7 шілде, Сейсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Елбасы-2015». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Өзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Салауат». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Салауат». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Өзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Елбасы-2015». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Салауат». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Елбасы-2015». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Старшая сестра». 15 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Елбасы». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Ақтуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Наша служба». Передача
19.30 «Ақтуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Наша служба». Передача
20.55 «Елбасы». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Елбасы». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Ақтуальная тема». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Старшая сестра». 16 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 37 серия
23.25 «Телемаркет»
23.40 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Мама детектив» 4 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

8 шілде, Сәрсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Елбасы-2015». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Ақтуальная тема». Передача
10.35 «Елі бірдің – тілі бір». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Наша служба». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Ақтуальная тема». Передача

12.40 «Елбасы-2015». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Наша служба». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Елбасы-2015». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Старшая сестра». 17 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Елбасы». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Точка зрения». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Бизнес идея». Передача
19.30 «Точка зрения». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Бизнес идея». Передача
20.55 «Елбасы». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Елбасы». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Точка зрения». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Старшая сестра». 18 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 38 серия
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Мама детектив» 5 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

9 шілде, Бейсенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Елбасы-2015». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Точка зрения». Передача
10.35 «Бизнес идея». Передача
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Бизнес идея». Передача
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Точка зрения». Передача
12.40 «Елбасы-2015». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Бизнес идея». Передача
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Елбасы-2015». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»
14.00 Т/с «Старшая сестра». 18 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Елбасы». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Өзекті әңгіме». Тікелей эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Ақмола КЗ». Хабар
19.30 «Өзекті әңгіме». Хабар
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Ақмола КЗ». Хабар
20.55 «Елбасы». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Елбасы». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Өзекті әңгіме». Хабар
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 1 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 39 серия
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Мама детектив» 6 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

10 шілде, Жұма

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Елбасы-2015». Тележурнал
9.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
10.00 «Телемаркет»
10.05 «Өзекті әңгіме». Хабар
10.35 «Ақмола КЗ». Хабар
10.45 «Телемаркет»
10.50 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
11.55 «Ақмола КЗ». Хабар
12.05 «Телемаркет»
12.10 «Өзекті әңгіме». Хабар
12.40 «Елбасы-2015». Тележурнал
12.45 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
12.55 «Ақмола КЗ». Хабар
13.05 «Телемаркет»
13.10 «Экспертное мнение»
13.15 «Елбасы-2015». Тележурнал
13.20 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
13.30 «Аймақ ақпарат»

14.00 Т/с «Учитель». 1 серия
14.45 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
14.55 «Телемаркет»
15.00-17.50 техникалық үзіліс
17.50 «Пәрменді пікір»
17.55 «Елбасы». Хабар
18.00 «Аймақ ақпарат»
18.30 «Телемаркет»
18.35 «Ақтуальная тема». Прямой эфир
19.05 «Телемаркет»
19.10 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
19.20 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
19.30 «Ақтуальная тема». Передача
20.00 «Аймақ ақпарат»
20.30 «Телемаркет»
20.35 «Кендерек». Кеңейтілген репортаж
20.45 «Елі бірдің – тілі бір». Хабар
20.55 «Елбасы». Хабар
21.00 «Аймақ ақпарат»
21.40 «Елбасы». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 «Ақтуальная передача». Передача
22.20 «Телемаркет»
22.25 Т/с «Учитель». 2 серия
23.10 «Телемаркет»
23.15 Д/ф «Магия природы» 40 серия
23.45 «Телемаркет»
23.50 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
00.00 «Аймақ ақпарат»
00.40 «Телемаркет»
00.45 Т/с «Мама детектив» 7 серия
01.50 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

11 шілде, Сенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Аймақ ақпарат»
9.45 «Спорт лайф». Хабар
09.55 «Салауат». Хабар
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Танымал». Передача
10.30 «Пәрменді пікір»
10.35 «Телемаркет»
10.40 «Спорт лайф». Хабар
10.50 «Дневник КАРАОКЕ»
11.00 «Аймақ ақпарат»
11.40 «Экспертное мнение»
11.45 «Телемаркет»
11.50 «Личные встречи». Передача
12.20 «Спорт лайф». Хабар
12.30 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
12.40 «Дневник КАРАОКЕ»
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Пәрменді пікір»
13.00 «Аймақ ақпарат»
13.40 «Спорт лайф». Хабар
13.50 «Салауат». Хабар
14.00 М/ф «Кэмми». 13,14 бөлім
14.30 М/ф «Алпамыс батыр. Қайтып оралу»
14.40 «Әлемі-ай». 11 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Телемаркет»
17.10 «Танымал». Передача
17.35 «Дневник КАРАОКЕ»
17.45 «Сөзге шешен». Хабар
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Спорт лайф». Хабар
18.20 «Салауат». Хабар
18.30 «Личные встречи». Передача
18.55 «Телемаркет»
19.00 «Сөзге шешен». Хабар
19.20 «Qalantog». Хабар
19.30 «Спорт лайф». Хабар
19.40 «Танымал». Передача
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Дневник КАРАОКЕ»
21.15 «Qalantog». Хабар
21.25 «Сөзге шешен». Хабар
21.45 «Телемаркет»
21.50 Д/ф «Пустыни мира». 8 серия
22.10 «Телемаркет»
22.15 Д/ф «Пустыни мира». 9 серия
22.45 Х/ф «Затянувшись расплата»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

12 шілде, Жексенбі

09.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны
9.05 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
10.05 «Телемаркет»
10.10 «Сөзге шешен». Хабар
10.30 «Дневник КАРАОКЕ»
10.40 «Телемаркет»
10.45 «Qalantog». Хабар
10.55 «Ақмола КЗ». Передача
11.05 «Личные встречи». Передача
11.35 «Дневник КАРАОКЕ»
11.45 «Qalantog». Хабар
11.55 «Телемаркет»
12.00 «Сөзге шешен». Хабар
12.20 «Наша служба». Передача
12.30 «Сіз қайда жүрсіз?». Хабар
12.40 «Qalantog». Хабар
12.50 «Телемаркет»
12.55 «Дневник КАРАОКЕ»
13.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
14.00 М/ф «Кэмми». 15,16 бөлім
14.30 М/ф «Алпамыс батыр. Қоштасу»
14.40 «Әлемі-ай». 12 бөлім. Хабар.
15.00-17.00 техникалық үзіліс
17.00 «Экспертное мнение»
17.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
18.05 «Телемаркет»
18.10 «Наша служба». Передача
18.15 «Телемаркет»
18.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
19.20 «Телемаркет»
19.30 «Сөзге шешен». Хабар
19.50 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
20.00 «Өңір өрнегі» - «Картина недели»
21.00 «Телемаркет»
21.05 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
22.05 «Телемаркет»
22.10 «Елі бірдің-тілі бір». Хабар
22.20 «Музыкальный проект КАРАОКЕ»
23.20 «Телемаркет»
23.25 Х/ф «Линника»
01.00 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны

Акция

2015 жылғы 17 маусымда ҚР Ұлттық Экономика Министрлігі тұтынушылардың құқығын қорғау бойынша Комитетінің «Ақмола облысы санитарлық-эпидемиологиялық сараптамалық орталығы» РМҚК Аршалы аудандық филиалы Аршалы ауданы ТҚКБ мамандарымен бірлесіп Аршалы кентінің базарында «Әр үйге сапалы өнім» акциясы өткізілді.

Елдің Кедейлік бірлестігінің өндірушілері мен жергілікті өндірушілердің өнімдерінің қауіпсіздігі және сапасын зерттеуде аудан тұрғындары мен қонақтарын белсене қатыстыру үшін акция өтті.

Алынған тауарларының сапасын тексеруді зертхана жағынан «ТЕГН» өткізу ұйымдастырылды.

Әрбір тұтынушы қалаған жемісіне, сүт, балық, ет өнімдеріне, нан, жұмыртқа, күрішті, кірішті, пластмасса, парфюм – косметика өнімдеріне сараптама жасата алды.

Акция барысында тұтынушылардың

ӘР ҮЙГЕ САПАЛЫ ӨНІМ

негізгі құқығы түсіндірілді, 300 – дей өнімге сараптама жасалуға алынды, оның ішінде жемістер, су, шырындар, құрылыс материалдары, жұмыртқа, тауық тағы да басқалары болды. Парфюм-косметикалық өнімдер, ойыншықтар, мата бұйымдары, сонымен қатар бактериологиялық, паразитологиялық, санитарлық-гигиеникалық тексеруге және

САЛЫҚ ТӨЛЕУШІЛЕР НАЗАРЫНА!

Аршалы ауданы бойынша Салық басқармасында қызмет этикасын сақтау және жемқорлықпен күрес сұрағы бойынша комиссия жұмыс істейді. Салық органының мемлекеттік қызметшілері қызмет этикасын және/немесе/ заңнаманы бұзушылық деректерін хабарлау үшін, Сіз осы «сенім телефонына» хабарласа аласыз: 8(71644)2-20-32, 8(71644)2-12-87.

ауыр металдардың микотоксиндеріне, кофеин, бензонат натрия, токсикологиялық полимерлеріне, пистецид және брүцеллезге де тексерулерге алынды. Тексеру нәтижесінде талапқа сай емес 27 көрсеткішке қол жеткізілді. Микробиологиялық көрсеткіште 119 алынды, оның ішінде: тамақтар 25, оның 4-еуі сәйкес емес, скважинадан алынған суға 6, оның 2 сәйкес емес, сауда орнынан алынған сым

Еңбек, уақыт, абырой

23 маусымда аудандық мәдениет үйінде Қазақстан полициясы күніне арналған мерекелік шара өтті. Шараға органдар қызмет еткен ардагерлер және ААІБ әскери құрамы отбасыларымен шақырылды.

Жиналғандарға аудан әкімінің орынбасары Ә.Т.Ыбраев құттықтау сөзін арнады.

- Қай кезде болмасын ішкі істер органы ең маңызды құрал болып табылады. Олар тәртіптің, қауіпсіздіктің, қоғамдағы тұрақтылықтың сақшылары. Сіздердің жұмыстарыңыздан бүгінгі таңда көп нәрсе байланысты. Сіздердің біліктіліктеріңіз, жедел қимыл жасап, қауіптің алдын алатын кәсіби қабілеттеріңіздің арқасында бейбітшілік заман тұрақты болсын. Әділбек Түлкібайұлы барлығына денсаулық, еңбекте табыс, абырой тіледі.

Аудан әкімінің атынан бірқатар ішкі істер органының қызметкерлеріне алғыс хаттар табыстады.

АРШАЛЫ АУДАНЫНДА ПОЛИЦИЯ КҮНІ

Шара мәдениет үйінің өнерпаздарының концертімен аяқталды.

Еске сала кетейік, 23 жыл бұрын, 1992 жылы республикамыздың Жоғарғы Кеңесі «ҚР ішкі істер органдары туралы» заң қабылдаған.

Бұл бірінші құқықтық акті еді, қазақстандық полицияның міндеті мен функциясын анықтайтын.

2007 жылы ҚР Президентінің жарғысымен 23 маусым нақты қазақстандық полиция күні болып белгіленді.

Салауатты өмір салты**ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДАН ПРЕЗИДЕНТТІК ТЕСТ**

Бүгін «Құрылысшы» стадионында мемлекеттік қызметкерлер арасында Ұлт Көшбасшысы – Қазақстан Республикасының алғашқы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тестін өткізу сайысы ұйымдастырылды.

Жиналғандарға құттықтау сөзін Аршалы кентінің әкімі Қ.Шалов арнады.

Сайысқа аудандық әкімдіктің мемлекеттік қызметкерлері, дербес бөлім қызметкерлері, Аршалы

кенті аппаратының қызметкерлері қатысты. Бағдарламада: қысқа және ұзақ жерге жүгіру, күш гимнастикасы, орыннан ұзындыққа секіру, граната лақтыру енді.

Шара қорытындысында жақсы көрсеткіш көрсеткен мемлекеттік қызметкерлерге грамоталар ұсынылды.

Тесттің негізгі мақсаты – азаматтарды салауатты өмір салтына насихаттау, тұрғындардың өміріне спортты енгізу.

Абай бол!**СУ ДА ТІЛСІЗ ЖАУ**

Биылғы жылы Қазақстанның басым бөлігінде аптап ыстық орын алды. Ақмола облысында да тұрғындарды қуантты, нағыз жаздың жайдары күндері басталды. Өзен жағасында суға шомылушылар саны артты. Естеріңізге саламыз: ыстықтап келіп, терлеп тұрып суық суға бірден түспеңіздер. Суға түсетін жерді, жағалауда, жақсылап қарап алыңыздар, су ішінде сынған шөлмектерге жарақаттанып қалмаңыздар. От жағатын болсаңыздар аса үлкен жауапкершілікті ұмытпаңыз. Қадағалап отырыңыз да сумен әбден өшіріп, құл-қоқыстарыңызды шұңқыр қазып, көміп тастаңыз. Сіз жақсылап дем алып, табиғаттың сыйына риза болған жеріңізге сізден кейін де адамдар келіп дем алатынын еске ұстап, оларға да жақсы, жайлы, таза орынды қалдыруға тырысыңыз. Қоғамдағы келеңсіз жайт өзіміздің салақтығымыз бен немқұрайлылығымыздан болады. Өзіне де өзгеге де қуаныш сыйлауға асығыңыз.

С. ПОНОСЕЙКО, Аршалы ауданы.

Ақпарат көзі**ЖАҢАЛЫҚ ЖАРШЫЛАРЫНА ЫСТЫҚ ЫҚЫЛАС**

Байланыс және ақпарат қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында Аршалы ауданы әкімінің орынбасары Айна Ермекқызы Мысырәлімова және ішкі саясат бөлімі басшысының м.а. Ж.Смағұлова аудандық «Аршалы айнасы» және «Вперед» газеттерінің ұжымын жинап, мерекелерімен құттықтап, Алғыс хаттар мен сыйлықтар табыстады. Өңіріміздің әлеуметтік – экономикалық дамуын, қарапайым адамдардың мұң-мұқтажын шешудегі қажырлы еңбектерінің нәтижелі болуына, қаламдарының мұқалмауына, ойларының сарқылмауына шын жүректен тілек білдірді.

М. АЖЫҚАНОВА.

**Рамазан - нұр шашқан ай**

Ораза ұстағандарға ауызашар берудің сауабы мол, әрі ол мұсылман баласына тән қонақ күту ғұрпы болып табылады. Аллаһ елшісі (саллаллаһу аләйһи уә сәлләм): «Ораза ұстаған кісіге ауыз аштырғанға ораза ұстаған кісінің сауабындай сауап жазылады. Бұдан ораза ұстаған кісінің сауабы кемімейді», - дейді.

АУЫЗАШАР БЕРУДІҢ САУАБЫ

Орталық мешітте ауданның бас имамы ауызашар асын беріп, жамағатты бірлік пен достыққа, қанағат пен ізгі ниетке шақырды. Жиналған жамағат мешіт сыртында намазға жығылып, мешіт ішінде жайылған дәмнен ауыз тиіп, ғибратты әңгіме өрбіген жайлы жерде асықпай көңіл тыныштығына риза болысты. Ертеңінде Аршалы кентіндегі «Дастархан» дәмханасында аудан әкімдігінің басшылары және

дербес бөлім басшылары ораза ұстаған жандарға дастархан жайып, ауыз ашқызды. Аудан әкімінің орынбасары Ә.Ыбраев жиналған қауымды бұл қасиетті Рамазан айымен қауышқан күнмен құттықтап, ел ішінде береке, бірлік, ынтымақ болуын, биылғы жылы да әрбір жанның жасап жатқан жұмыстары жемісті, өмірлері келісті болуын тіледі. Иә, орталық мешітте де, дәмхана, әрбір үйде де ауызашар беріліп,

Алладан ел тыныштығы мен бейбіт өмірді тілеген тілектер қабыл болып жатары белгілі. Рамазан – нұр шашқан ай, нұрына шомылып, жанымыз жайнап, мейірімдіміз асып, жомарттығымыз тасып, достығымыз нықталып, ойларымыз дұрысталаып, егемен еліміздің мықты тірегі боларлық жаны да тәні де таза толқын болып, бір бағытта, дұрыс бағытта алға жылжуға нәсіп етсін.

М. ЕРНЫРҚЫЗЫ.

Жайқалған жасыл алап**ЖҰНАР ШӨПТІҢ АЛҒАШҚЫ ТОННАЛАРЫ**

Биылғы жылы аудандағы бауылшаруашылық құрылымдарының барлығы 38,2 мың тонна шөп дайындаулары керек. 24 маусымдағы ахуалға қарасақ 500 тонна шөп жиналып қалды. Алғашқылардың бірі болып жұпар шөпті шабуға «Агрофирма «Поиск» ЖШС кіріскен еді, олардың соңына «Михайловский», «Николаевское» ЖШС-тері және «Ижев» ӨК ілесті.

Биылғы жылдың ауайы шабындық жерлердегі шөптің бой көтеруіне де, ыстығы пісіп жетілуіне де үлкен көмек болып тұр. Дәл осы сәтті орынды пайдаланып, жайқалған шөпті жинап, кептіріп, арнайы жерге сақтауға жеткізіп алсақ, жоспарды жақсы орындамақ



түкілі екі жылдық қор да жинап алуға болады. Сол үшін де жайдары күндерді қолайлы қолданып, барлық шөп шабуға арналған техника мен жұмыс

күшін дұрыс жұмылдырып, байлықты шығынсыз жинап алу керектігі алдымыздағы үлкен міндет.

М. ҚҰДАЙБЕРГЕНОВА

Меншік иесі: «Аршалы – инфо» ЖШС
Газет аудан әкімінің қолдауымен шығады

РЕДАКТОР
М.А. АЖЫҚАНОВА.

Біздің мекенжайымыз және телефонымыз: 020200, Аршалы кенті, аудандық әкімдік, 1 қабат. Байланыс телефоны: жарнама бөлімі – 2-13-57. Хабарландыру және жарнама мазмұнына жарнамашы жауап береді. Жарияланған мақалалардағы автор көзқарасы редакцияның ой-ұстанымын, пікірін білдірмейді.

Апталық таралымы 271 дана. Көлемі 2 баспа табак. Тапсырыс № 1 Индексі: 65815. Газет теріліп Астана қаласы, Брусиловский көшесі, 87, «Астана Полиграфия» АҚ басылады.